

# MATERIALS

OF THE XI INTERNATIONAL SCIENTIFIC  
AND PRACTICAL CONFERENCE

## «CUTTING-EDGE SCIENCE - 2015»

April 30 - May 7, 2015

**Volume 18**  
**Philological sciences**

Sheffield  
SCIENCE AND EDUCATION LTD  
2015

## CONTENTS

### PHILOLOGICAL SCIENCES

#### THEORETICAL AND METHODOLOGICAL PROBLEMS OF RESEARCH OF THE LANGUAGE

Альбекова А.Ш. К вопросу изучения семантических определений .....	3
Тищенко О.О. Творення іменників жіночого роду на позначення національностей у новогрецькій мові .....	4
Қайыпбаева А. Поэзиядағы мақал-мәтелдердің инварианттары .....	6
Saduova A., Latanova R.U. Borrowings in the English modern youth slang .....	8
Мырзияров С.Ж. Особенности перевода терминов родства на примере казахского и английского языков .....	12
Аскарлов С.Т., Оразбаева Ф.Ш. Сөз тарихынан сыр шерткен ғалым .....	16
Душенко М.С. Чинники, які впливають на утворення складних термінів .....	22
Жұмағұлов Е.Б. Адам табиғатының танымдық мәні .....	24
Ивасюк О.В. Лексикографическая фиксация семантического объема многозначного глагола .....	29
Испандиярова А.Т. Т.Әбдіков шығармаларындағы эпитеттердің қолданысы .....	31

#### METHODS AND TECHNIQUES OF MONITORING THE LEVEL OF KNOWLEDGE OF FOREIGN LANGUAGE

Есимканова А.Д. Oral Communication Skills on English lessons .....	36
Молдашбаева Л.П., Кинжигариева Л.Б. Мировой опыт внедрения государственного аудита .....	39
Сарманова Ф.Т. Үш тілді менгеру – заман талабы .....	43

#### ACTUAL PROBLEMS OF TRANSLATION

Мищенко В.Я. Legal and institutional frameworks for terminology activities in Ukraine .....	47
---	----

#### LANGUAGE, SPEECH, SPEECH COMMUNICATION

Викулина О., Янькова Н.А. Сравнительный анализ китайских и русских пословиц, в которых встречаются названия животных .....	52
Kharechko T., Veretennikova V., Petrova Y.A. Principles of definition of slang and its use in english .....	55

населению об эффективности работы органов государственного управления по использованию общественной собственности.

Литература

1. Суйц В.П., Смирнова Л.Р., Дубровина Т.А. Аудит общий, банковский, страховой. – М.: ИНФРА-М, 2005
2. Рябухин С.Н., Климантов С.Б. Аудит эффективности государственного сектора экономики. – М.: Триада Лтд, 2005
3. Гапоненко А.Л., Панкрухин А.П. Стратегическое управление. – М.: Омега-Л, 2004.
4. Степашин С.В. Новые задачи – новые способы решения. – журнал «Финансовый контроль» № 1, 2004
5. Родионова В.М. Финансовый контроль – М.: ФБК ПРЕСС, 2002
6. Государство и муниципальные финансы. Учебное пособие. Под ред. Поляка Г.Б. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004

**Сарманова Ф.Т.**

*мемлекеттік университеті А.Байтұрсынов атындағы Қостанай  
Тілдік даярлау орталығының доценті*

## **ҮШ ТІЛДІ МЕНГЕРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар мен ұлттар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі. Мәселен, ежелгі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған көрінеді.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

Үш тұғырлы тіл саясатын дұрыс түсінбей, тек қана қазақ тілін қолданайық деп даурыға берудің қажеті жоқ. Одан да біз мемлекеттік тілді дамытып, орыс тілі мен ағылшын тілін қажетіне қарай үйренуіміз керек. Бүгінде ағылшын тілі

бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Бұл, өте дұрыс нәрсе. Себебі, бала жастайынан тілді базалық деңгейде білсе, болашақта кәсіби деңгейде үйреніп алуына мүмкі –дік туады. Қазақ мектебінде оқыған жоқ қалада тұрғанынан кейін орыс тілін де білетіні айдан анық. Сонымен қатар, ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылғаны құптарлық дүние. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасынан ағылшын тілін еркін меңгерген көптеген бітірушілер шет елдерде білімін дамытып, тәжірибесін молайтуда.

Бүгінде егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып әлемге жар салып жатқан дүбірлі кезеңде қазақ ұлтының жанына сүйеу, рухына тіреу болатын басты мәселенің бірі осы – тіл. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілі – ұлттық руханиятымыздың өзегі. Қазіргі кезде қазақ тілін дамыту, оқытудың деңгейін арттыру мәселесі көтеріліп, осы орайда түрлі шара атқарылып жатқаны баршамызға аян. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, оның мүмкіншіліктерін барынша пайдалану – еліміздің әрбір азаматының абыройлы міндеті. Адамзат мәдениетінің негізі – тілде. Кез келген ұлттың басты ерекшелігі – оның ана тілінде. Ұлттың жаны мен жүрегі ары мен ұяты, қазына-байлығы мен атақ абыройы тілге байланысты. Жер бетіндегі сан мыңдаған ұлттардың ішінде тек қазақ халқы өз тілін ана тілі деп ардақ тұтып, қастерлейді. Қазақ үшін тілден құдіретті ештеңе болмаған.

«Қанша тіл білсең, сонша рет адамсың» дейтін нақыл сөз бар. Бұл сөзде шындық та бар, қайшылық та бар. Шындығы сол – екінші бір тілде сөйлеу жай ғана басқа тілді пайдалану емес, басқа ұлттық мәдениет, басқа ұлттық психология аясына ену. Қайшылығы сол – әр адам тегі жағынан (бұл жерде биологиялық тек қана емес, рухани тектің де болатынын ескерте кету керек) бір ғана ұлттың өкілі болады. Асылы, бұл нақыл сөзге Абай тұрғысынан келу керек. Қалай десек те, қостілділік, көптілділік жеке тұлғаның қабілет ерекшелігіне байланысты. Бірақ қазір дүниежүзілік қоғамдастық талап етіп отырған құбылыс болып отыр.

Көптілділікте тиісті дәрежеде ескерілмей жүрген тағы бір мәселе – тілдік күзірет пен сөйлеу күзіреті (Бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді). Лексиканы, грамматиканы және фонетиканы білу тілдік күзіреттілікке жатады, ал өз ойын басқа тілде еркін жеткізе білу сөйлеу күзіреттілігіне жатады. Тіл – адамдардың сөздерін байыппен талдап, элементтерін бөлшектеп, тілтанушылардың ашқан объективті жүйесі. Ал сөйлеу – тілді күнделікті қарым-қатынаста жүйе ретінде қолдану.

Көптілділік дегенде бастысы жеке тұлға болу керек. Соған орай, бұл құбылысты мынадай деңгейлерге жіктеп қарастырған жөн: қабылдамалық, қайталамалық, өнімді деңгейлер.

Қабылдамалық деңгейде адам басқа тілде айтылған сөзді тындап қабылдай алады, сол тілдің сөзі екенін, кейде айтылыстың жалпы сұлбасын болжалдап бағамдайды. Мұның дамыған кезеңі сол – коммуникант өзге тілде айтылған, жазылған хабардың жалпы мазмұнын түсінетін болады.

Қайталамалық қостілділік деңгейінің ауқымы кең. Бұл – екінші тілде айтылған сөзді сол жерде қайталап беруден бастап, кейін жад арқылы жаңғырту,